QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
ULTTYQ EKONOMIKA MINISTRLIGINIŃ
TABIGI MONOPOLIALARDY RETTEÝ,
KOMITETI

КОМИТЕТ ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ
ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

BUIRYQ | **ПРИКАЗ**

04. 12. 2019 жыл | № 44-НҚ

Nur-Sultan qalasy | город Нур-Султан

КӨШІРМЕ

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыру функцияларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің аумақтық органдарына беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының міндетін атқаруының 2019 жылғы 26 тамыздағы № 3-НҚ бұйрығына толықтыру енгізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 190 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті туралы ереженің 15-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметін бақылау мен реттеуді жүзеге асыру функцияларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің аумақтық органдарына беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының міндеті атқарушының 2019 жылғы 26 тамыздағы № 3-НҚ бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

Бұйрыққа қосымшада кесте мынадай редакцияда №4 жолмен толықтырылсын:

000507

КӨШІРМЕ

«

№ р/с	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органдарының атауы	Табиғи монополия субъектісінің (филиалдың) атауы	Табиғи монополия субъектісінің (филиалдың) реттеліп көрсетілетін қызметінің түрі
1	2	3	4
1	Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті	«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК	суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру.
2	Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті	«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Есіл су» филиалы	1. суды таратушы желілер арқылы беру; 2. суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру.
3	Комитеттің Түркістан облысы бойынша департаменті	«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Оңтүстікауызсу» филиалы	1. суды таратушы желілер арқылы беру; 2. суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру.
4	Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті	«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың біріккен дирекциясы» филиалы»	1. суды магистральдық желілер арқылы беру; 2. суды таратушы желілер арқылы беру; 3. ағынды суларды бұру.

»

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Стратегиялық талдау және халықаралық интеграция басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменттеріне және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры»

КӨШІРМЕ

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасары Е.Д. Ивченкоға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы **А. Дарбаев**

КЕҢСЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МИНИСТРЛІГІНІН «ҚАЗСУАРЫ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
КӘСІПОРНЫ
КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ДИРЕКЦИЯСЫ» ФИЛИАЛЫ
Кіріс № 05-Ф-5992
05 10 19